

## НҰСҚА 1

### ҚАЗАҚ ТІЛІ

#### 1.Омоним сөз қатысқан тіркестерді табыңыз:

- A) айыбымды кеш, кеш келді;
- B)қысқа жіп, жылы киім;
- C) қиын есеп, күрделі мәселе;
- D)ұзақ жол, алыс жер;
- E)биік тау, жусанды дала

#### 2.Дауыссыз дыбыстардың жасалуын көрсетіңіз:

- A)тілдің ілгері қарай созылуынан;
- B)езудің кейін қарай тартылуынан;
- C) өкпедегі ауаның кедергіге ұшырап шығуынан;
- D)өкпедегі ауаның кедергісіз шығуынан;
- E)жақтың тар ашылуынан

#### 3. Негізгі зат есімді табыңыз:

- A) білім;
- B) оқушы;
- C) аялдама;
- D) бала;
- E) көрме

#### 4.Сапалық сын есімді көрсетіңіз:

- A)ормансыз;
- B)сабырлы;
- C)көтеріңкі;
- D) ойыншыл
- E) ақ;

#### 5.Есептік сан есімді көрсетіңіз:

- A) мың;
- B)мың-мыңнан
- C)мыңдап;
- D) мыңдаған;
- E)мыңыншы

#### 6.«Ауру» сөзінің синонимдік қатарын көрсетіңіз:

- A)сау, мықты;
- B) арман, үміт;
- C) науқас, кесел;
- D)аукат, алғыр;
- E)абайлау, абыржу;

**7. Ашық дыбыстарды табыңыз:**

- A) е, и
- B) ұ, у
- C) ү, о
- D) ы, і
- E) а, ә

**8. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді көрсетіңіз:**

- A) табыс;
- B) алатау;
- C) кәсіпорын;
- D) қарыздар;
- E) бөлінгіш

**9. Дара сөзді табыңыз:**

- A) өнімділік
- B) өнеркәсіп;
- C) үлкен-кіші;
- D) қарас су;
- E) ер-тұрман;

**10. Белгісіздік есімдігін көрсетіңіз:**

- A) қыбырлаған;
- B) ешқайсысы;
- C) тәкаппар;
- D) қайсыбіреу
- E) қатарласқан;

**11. Қалау райлы етістікті табыңыз:**

- A) келгім келді;
- B) келсек;
- C) бар;
- D) келтір;
- E) келіп отыр

**12. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемді көрсетіңіз:**

- A) Жылтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан тәрізді.
- B) Жанпейіс үйге кіріп келгенде, Асқар мен Ержан тыста қалды.
- C) Балuanдығы асқан соң, Нарқыз болып атаған.
- D) Ұрыста қару-жарақ қандай қажет болса, өмірде білім де сондай қажет.
- E) Роза әжем сәлем айтты.

**13. Қыстырма сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз:**

- A) Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ.

- В)Ең әуелі: жайдақ суға теңгердіңіз...
- С)Байқаймын – ол мені танитын адамға ұқсайды.
- Д)Амал нешік келдім.
- Е)Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған.

**14.Шешенге ең қажетті қасиетті табыңыз:**

- А)Келісімпаз болу;
- В)Көп тіл білу;
- С)Сөзге тапқырлық;
- Д)Көп сөйлеу;
- Е)Өзін көрсету

**15.Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз:**

- А)Терең өзен;
- В)Терең сезім;
- С)Терең білім;
- Д)Қылмыс тереңдеп кетті;
- Е)Терең ой

**16.Біріккен сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды табыңыз:**

- А)ақсүйек;
- В)керім сұлу;
- С)көркем әдебиет;
- Д)Болатбек;
- Е)қайсыбір

**17.Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз:**

- А)Тіпті ұзақ емес.
- В)Ұзақтан келді.
- С)Соншалық ұзақ.
- Д)Әдейі келді.
- Е)Онша ұзақ емес.

**18.Демеулік шылауды көрсетіңіз:**

- А)Уа, Жиренше, ана қаңбақ қайдан келеді?
- В)Алдану мен киянат оны кек жолына итерді.
- С)Халимаш-ау, қандай ойың бар?
- Д)А, Қарлыға, қашпаймын, Қайратым бар деп таспаймын.
- Е)Арманы көп, сондықтан орындалмай қалуынан қорқады.

**19.Сөз тіркесінің лексика-граматикалық мағынасын анықтаңыз.**

**Кешке қарай кел.**

- А)Істің мезгілі;
- В)Істің мекені;
- С)Қимыл-сын;

- D)Істің мақсаты;
- E)Істің себебі

**20.Дара толықтауышты табыңыз:**

- A)Қырық бесті он беске бөл.
- B)Бейсен Жомартпен кейін қайтты.
- C)Ағам үй ішіндегілерге сәлем берді.
- D)Ол еңбек жолын енді бастады.
- E)Олар су қоймасын аралады

**21.Қыстырма сөзді көрсетіңіз:**

- A)Қазір жоспар құрып алайық, достар.
- B)Күніне жүз ойланып, мың толғанам.
- C)Арғы тегім – ақ бидай.
- D)Керісінше, ойлағанымыз жүзеге асып кетті.
- E)Асан, көмектесіп жіберші.

**22.Қап, түге, тәйірі – одағайының білдіретін мағынасын табыңыз:**

- A)Қоштау;
- B)Таңырқау;
- C)Наразылық;
- D)Таңдану;
- E)Сүйсіну

**23.Үтір дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз:**

- A)Көшелер де, үйлер де ағаштар да, аппақ.
- B)Ауылдың сыртқы бейнесі де ішкі өмірі де өзгерді.
- C)Уайым түбі – теңіз, батасын да, кетесін.
- D)Ауылдың сыртқы бейнесі де, ішкі өмірі де, өзгереді.
- E)Көшелер де, үйлер де, ағаштар да аппақ.

**24.Тырнақша дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз:**

- A)Абыз: Қарт ананы жалғыз отырғызу ретсіз «деп ойлады».
- B)Абыз: «Қарт ананы жалғыз отырғызу ретсіз», - деп ойлады.
- C)Абыз- Қарт ананы жалғыз отырғызу ретсіз – деп ойлады.
- D)Абыз Қарт ананы жалғыз отырғызу ретсіз – деп ойлады.
- E)Абыз, Қарт ананы жалғыз отырғызу ретсіз деп, - ойлады.

**25.Сөздердің қайсысы туынды түбір, табыңыз.**

- A)Жапырақ.
- B)Ертең.
- C)Ағаштар.
- D)Асыранды.
- E)Жүздерде.